

## Магистратураның «Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

**Мақсаты:** жергілікті және өңірлік даму мәселелерімен айналысатын кәсіби мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

**Бағдарламаның міндеттері:**

- өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық үрдістерді басқару, жоспарлау және болжау негіздеріне оқыту;
- мемлекеттік қызметшілердің жеке қасиеттерін және БҚШ бойынша кәсіби мемлекеттік аппараттың сипатына сай үшінші блок құзыреттілігін дамыту.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

**Синтез:** әкімдіктің орта мерзімді перспективадағы қызметін жоспарлайды.

**Талдау:** өңір мен әкімдіктің дамуын талдайды және оңтайлы шешімдер ұсынады.

**Қолданылуы:** өңірлік дамудың өзекті мәселелерін шешуде білім, икем мен дағдыларды қолданады.

**Бағалау:** өзгермелі жағдайларды ескере отырып өңірдің даму үрдістері мен серпінін анықтау және болжау.

*Құзыреттілігі бойынша:*

**Қызметті тиімді басқару және жеделдік:** өңірде, ұйымдарда болып жатқан өзгерістерді талдай алады және жергілікті мемлекеттік органның жұмысын жақсарту бойынша уақтылы шаралар қабылдай алады;

**Ынтымақтастық:** жергілікті мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін әріптестермен, орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасай алады;

**Шешім қабылдау:** ықтимал тәуекелдерді талдауға және болжауға, сондай-ақ анықталған тәуекелдер мен туындаған салдарларды ескере отырып шешімдер қабылдай алады;

**Қызметті тұтынушыға бағдарлау және ақпараттандыру:** сапалы қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыруға және бақылауға, қызметтермен қанағаттану деңгейін анықтауға қабілетті; нормативтік құқықтық актілерді практикада қолдана алады және оларды қызметті тұтынушыларға түсіндіре алады;

**Жауапкершілік:** жергілікті мемлекеттік органның қызметі үшін жеке жауапкершілікті қабылдай алады;

**Өзін-өзі дамыту:** өз құзыреттерін дамытуға қабілетті;

**Жеделдік:** экономикадағы болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және оларды жақсарту үшін уақтылы шешімдер қабылдайды;

**Парасаттылық:** ұжымда сенім мен құрмет ортасын қалыптастыра алады, ашықтық пен әділдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ете алады, этикалық нормалар мен стандарттарды сақтай алады;

**Бастамашылдық:** инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша талдау негізінде ұлттық экономиканың қызмет етуінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар жасайды;

**Күйзеліске төзімділік:** сынға ұстамды, кемшіліктерді жою бойынша шешімдер қабылдайды.

| Семестр | Пәннің атауы                            | ECTS |
|---------|---|------|
|         | Мемлекеттік басқару                     | 3    |
|         | Зерттеу әдістері және деректерді талдау | 3    |

|   |   |           |
|---|---|-----------|
| 1   | Ресми-іскерлік қазақ тілі/<br>Кәсіби коммуникациялар (ағылшын тілі) | 4         |
|   | Аумақ маркетингі  | 3         |
|   | Қаланы басқару  | 3         |
|   | Өңірлік компонент   | 3         |
|   | <i>Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ)</i>       | 6         |
| <b>1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>                                    |   | <b>25</b> |
| 2   | Ұйымдастырушылық мінез-құлық  | 3         |
|   | Басқару технологиялары  | 3         |
|   | Басқарудағы цифрлық технологиялар                                   | 3         |
|   | Әлеуметтік өңірлік саясат   | 3         |
|   | Өңірлік компонент (Ауылдық аймақтарды дамыту)                       | 3         |
|   | <i>Өндірістік тәжірибе</i>  | 2         |
|   | <i>Тағылымдама</i>  | 2         |
|   | <i>МҒЗЖ</i>   | 5         |
| <b>2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ</b>                                    |   | <b>24</b> |
| <b>Теориялық оқудың барлығы</b>                                     |   | <b>36</b> |
| <b>МҒЗЖ:</b>  |   | <b>13</b> |
| • МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса                           |   | <b>11</b> |
| • Тағылымдама   |   | <b>2</b>  |
| <b>Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)</b> |   | <b>12</b> |
| <b>Қосымша білім берудің барлығы</b>                                |   | <b>25</b> |
| <b>МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ</b>                |   | <b>61</b> |